

## Қарағанды қалалық №2 Оқушылар сарайының Қысқаша тарихы

2018 жылы Қазақстан Республикасының алғашқы президенті Қарағандыға жасаған іс-сапарында Облыс басшылығына (Е.Ж.Қошанов) заман талабына сай Оқушылар сарайын салуды тапсырған болатын.

Сарай ғимаратының уақыт капсуласы болашақ ғимарат орнына 2019 жылы 1 маусымда – «Балаларды қорғау күніне» орай салынды. Капсулада қазіргі балалардың болашақ ұрпаққа жазған хаты сақталған. Ол шара салтанатты түрде аталып өтті. Капсула 2050 жылы ашылады.

01.09.2021ж. №2 оқушылар сарайы өз жұмысын бастады. Алғашқы директоры – Мукушева Салтанат Булатовна, педагогика ғылымдарының кандидаты. Директор орынбасарлары – Мұқажан Гүлбану Хамитқызы (ғылыми-әдістемелік жұмыс бойынша), Тохметова Жұлдыз Жарылғасыновна (оқу-тәрбие жұмысы бойынша).

Тұңғыш оқу жылында Сарайда 5-18 жас аралығындағы 4600-ден астам оқушы қосымша білім алды.